

ӘОЖ371.3:81`243

## **АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ ЖОБАЛАУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ**

**Канатбаева Салтанат Кенесовна**

[saltanat.kanatbaeva@mail.ru](mailto:saltanat.kanatbaeva@mail.ru)

«Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 4 курс студентті,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.М. Абдыхалыкова

Жобалау әдісі педагогикалық тәжірибеде жаңа құбылыс емес. Бұл әдіс Америка Құрама Штаттарында ХІХ ғасырдың екінші жартысында пайда болған. Оның негізін американдық педагог және психолог Джон Дьюи салған. Дьюи, Лай, Торндайк және т.б. американдық ғалымдар балаларлар өздері таңдаған тақырыпты ғана қызығушылықпен оқиды, және оқу процесі оқу пәніне емес, балалардың қызығушылығына негізделеді деп есептеген, және жобалау әдісі осы қағидаға негізделген. Дьюидің ізін қушылардың бірі, Колумбия университетінің профессоры Уильям Херд Хилпатриктің айтуы бойынша, балаларды өз жұмысының жемісін көруге ынталандыру арқылы үлкен өмірге дайындау – бұл технологияның негізі. «Өзіне көйлек тігіп киген бойжеткенді мысалға алайық. Егер ол кейін өзі киетін көйлегі үшін жанын аямай, ерінбей, аса қызуғышылықпен көйлек үлгісін өзі ойлап

тауып, өз бетімен өлшеп, пішіп, тігіп кесе – бұл мысал жобалау технологиясының нағыз типтік үлгісі.»- деген екен Хилпатрик [1,52].

Рейхвейн (1951) теория мен тәжірибенің байланысын жоба десе, Б.Отто жалпы сабақтардың концепциясында басты рөлді сұхбат алады дегенді айтады [2,76]. Кершенштайнер (1968) еңбек мектебінен жобалау идеяларын немесе осы бағытта дамуды байқауға болатынын тұжырымдады [3,227].

Карл Фрей өз еңбектерінде жобалау әдісінің басқа оқыту әдістерден 17 артықшылығын көрсетті. Соның ішіндегі маңыздылары:

- Жобаға қатысушылар бір-бірлерімен жобаның формасын таңдайды.
- Оқушылар өздері жобаны дамытып, нәтижесін көрсетеді.
- Оқушылар берілген тақырыпты талқылап, өз бетімен жұмыс жасайды.
- Оқушылар бір-бірлерін ақпараттаныдырып отырады [4,45].

Жобалау әдісі қазіргі кезде әлемнің көп елдерінде кеңінен қолданылып келе жатыр. Оған себеп оқушылардың әр түрлі пәндерден алған білімін проблеманы шешу кезінде біріктіруге көмектесуінде, алған білімді практика жүзінде қолдана алуында, ол кезде жаңа идеялар пайда болады. Жоба әдісі белсенді әрі жетістікпен АҚШ, Ұлыбритания, Бельгия, Израиль, Финляндия, Германия, Италия, Бразилия, Нидерландия және т.б, көптеген елдерде нақты проблеманы шешуде қолданылып, теориялық білім мен оның практикада қолданылуын қамтамасыз етті. Жобалау оқыту технологиясы ТМД елдерінің оқыту жүйесінде де кең өріс алып жатыр. Қазіргі таңда жобалау технологиясы өте мұқият шет және өз еліміздің әдіскерлері В.П.Беспалько, В.В.Давыдов, В.К.Дьяченко, Л.В.Занков, Н.В.Кузьмина т.б. ғалымдардың теориялық зерттеулерінің нәтижесінде, сонымен қоса Е.Н. Ильина, С.Н. Лысенкова, В.Ф. Шаталов әдіскерлерінің практикалық тәжірибелерінің негізінде қарастырылған[5,22].

Жобалау әдісінің оқушыларға шет тілін үйретуде беретін мүмкіндіктері:

- Өзіндік ойлау қабілетін қалыптастыру
- Мәселерді тауып, шешімін табу.
- Жан-жақты білім алу.
- Нәтижелерді болжау.
- Оқу программасында жаңа технологияларды пайдалану.

*Жобаны іске асыру кезіндегі оқушының рөлі.*

Жобаны іске асыру процесінде оқушының рөлі де өзгереді. Олар бұл процестің белсенді мүшесі ретінде қарастырылады. Бұл әдіс оқушыларға топпен жұмыс жасап үйренуге мүмкіндіктер береді. Сонымен қатар әдеттегі сабақтардағыдай емес оқушыларда сыни ойлау қалыптасады. Студенттер жаңа ақпаратқа деген өзіндік көзқарас қалыптастырады.

Жобалау әдісі кезінде оқушы өзі жұмыс жасап үйренеді. Соның ішінде оқушының өзінің жұмысы деп:

- жобаны өз бетімен жоспарлауы;
- ғылыми оқулықтармен жұмыс жасауы;
- сабақтың жүйелі болуы;
- оқушының өзін-өзі бақылауын жатқызуға болады [6,75].

*Жобаны іске асырудағы мұғалімнің рөлі.*

Жобаны жүзеге асыру кезінде оқушыларда әр түрлі сұрақтар туады. Жоба әдісінің негізінде жаңа ақпараттарды қабылдау жатады, сондықтан бұл әдіс кезінде маңыздысы оқушының өз бетімен жұмыс жасауы. Сол себептен, оқушыларға мақсат пен міндеттерді ұйымдастыру, оларды шешу жолдарын іздеп, дұрысын таңдау, таңдаудың неге дұрыс екенін дәлелдеу, мұғалімнің көмегінсіз өз бетімен жұмыс жасау, жасалған жұмысты қойылған талаптармен салыстру қиындық туғызуы мүмкін. Осы тапсырмаларды орындау кезінде мұғалімнің рөлі өзгереді. Жоба жұмысының басынан аяғына дейін мұғалім сырттан бақылаушы рөлін атқарады.

*Жобалау әдісінің типологиясы*

Жобалау әдісін сабақта жаңа тақырыпты өткен кезде және де өткен тақырыпты қайталап, қорытындылау мақсатында қолдануға болады. Сабақты қандай түрде өткізу тақырыптың мазмұнына байланысты.

Ғалымдар жобаның әр түрлі классификациясын ажыратып көрсетеді. Солардың бірі Е.С.Полат жобаны ажырататын алты критерийді көрсетеді:

1. Жобада үстемдік ететін әдістер: зертеу, шығармашылық, рөлдік ойындар, ақпарат.
2. Пәннің мазмұнына қарай: моно-жобалар, аралас жобалар.
3. Ауқымы бойынша: ішкі немесе аймақтық, халықаралық.
4. Жобаға қатысушылар санына байланысты жеке, жұптасқан, топ.
5. Жобаның ұзақтығына байланысты: қысқа мерзімді, орташа мерзімді, ұзақ мерзімді.
6. Нәтижесіне байланысты: есеп, альбом, коллекция, каталог, сызба, жоспар-карталар, бейне, көрме және т.б. [7,35].

Америкалық профессор Э.Ф.Коллингс жобаның келесі классификациясын ұсынды:

- Ойын негізіндегі жобалар: балаларға арналған, топтық жұмыс негізінде жүзеге асады. Мысалы: әр түрлі ойындар, рөлдік қойылымдар, т.б.
- Экскурсиялық жобалар: әлеуметтік немесе қоршаған ортаға байланысты белгілі бір мәселені қарастыру [8,45].

Жоба бір мәселені шешіп және оны қолданыста пайдалану үшін әр түрлі білім салаларынан мағлұматтарды ықпалдастыра алады. Балалар біріншіден ойлауға, ал содан кейін барып істеуге, іс-әрекетінің жоспарын құрып, келісімдерді бұзбай, келісілген мәмілелерден таймауға тырысады.

*Жобалау әдісінде Plickers технологиясын қолдану. Plickers бағдарламасын қолдану жолдары.*

Қоғамды ақпараттандырудың қарқынды үдерістері оқу орындарын жаппай ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға әкелді. Бұл технологиялар білім сапасын жақсартуға арналған жаңа педагогикалық құралдарға айналды. Бірақ білім беру мекемелерін оқыту формалары мен әдістерін жаңартусыз техникалық оқу құралдарымен қамтамасыздандыру айтарлықтай нәтиже бермейді. Себебі, оқытушылар сабақ жүргізу кезінде жаңа әдістерді қолданбайды. Олар сабақтарын бұрынғы формада өткізеді, яғни жаңа тақырыпты түсіндіру, үй жұмысын сұрау және т.б. Ал жаңа әдістерді қолдану үшін оқытушылар компьютер тілін меңгеру керек және де қазіргі кезде көптеген оқытуға арналған жаңа бағдарламалар кеңінен қолданылып жатыр. Бірақ ол бағдарламалар көбінесе ағылшын тілінде. Мысалы: Kahoot, Socrative, Edmodo, және т.б. Сондықтан ағылшын тілі сабақтарында бұл технологияларды қолдану қиындық туғызбайды. Себебі, басқа пәндерді оқыту барысында оқытушылар шет тілін білмегендігі біршама қиындықтар туғызады. Бұл жаңа технологиялар оқытушылар жұмысын жеңілдетіп, сонымен қатар сабақты қызықты етіп өткізуге арналған. Оқушылардың білім деңгейін бақылау оқыту процесінің маңызды кезеңі болып саналады. Бақылау білім процесін басқару, жаңа білім алу, оқушыны ынталандыру қызметін атқарады. Оқушылардың білімін жүйелі түрде бақылау тиімді болады. Оперативті бақылау оқушының танымдық белсенділігін арттырудың негізгі құралы болып саналады, сондықтан оқушымен жиі бақылау жұмысын жасау керек. Ол үшін қазір көптеген жаңа технологиялар бар. Солардың бірі Plickers технологиясы.

Plickers - сыныптағы барлық оқушыларының жауаптарын тез бағалауға және статистикалық жинақтарды жеңілдетуге мүмкіндік беретін бағдарлама. Бұл технология оқушылардың, студенттердің білімін тез және жылдам тексеріп, бағалауға мүмкіндік береді. Бұл жаңа технология қағаз қаламмен жазу, сызуды қажет етпейді. Plickers бағдарламасына тек интернет желісі және компьютер, смартфон қажет. Оқу процесінде жаңа технологияларды қолдану оқушының қызығушылығын және белсенділігін арттырады. Plickers бағдарламасының артықшылықтарына тоқталатын болсақ, олар:


- Қолжетімділік (IOS, Android желілерін қолдайтын смартфондарға тегін көшіріп алуға болады. )
- Оқушылардың қызығушылығын арттырады, сабақ онлайн ойын ретінде өткізіледі.
- Тез әрі жылдам бағдарлама. Оқушылар тек дайын коды бар қағаздарды көрсетеді, ал мұғалім смартфон арқылы оқушылардың жауаптарын сканерлеп алады.
- Бардық оқушылардың сабаққа белсенді қатысуы. Сыныптағы оқушылардың барлығына бір-бірден QR коды бар қағаздар таратылады. Барлығы 63 оқушы қатыса алады.

*Ағылшын тілі сабағында Plickers технологиясын эксперимент ретінде талдау.*

Жобалау әдісін қолдана отырып тәжірибе өткізіміз. Ол үшін тақырыпты, сабақтың формасын, жоба түрін анықтаймыз. Мысалы, үшінші сынып оқушыларына Үшінші Алдымен, оқушыларды бірнеше топтарға бөлеміз. Сыныптағы оқушылар санына байланысты сыныпты үш немесе төрт топқа бөлуге болады. Сонан соң, сабақ типін, тақырыбын таңдаймыз. Мысалы, 3 сынып оқушыларына “My family” тақырыбын таңдауға болады. Сыныпты шағын топтарға бөліп, әр топ тақырыпқа байланысты өз топтарына ат қояды керек. Мысалы, small family, big family, happy family және т.б. Сабақтың басында оқушыларға тақырыпқа байланысты жаңа сөздерді таратып береміз. Мысалы: mother, father, sister, brother және т.б. Олар сөздіктеріне жаңа сөздерді жазып алады. Болған соң, оқушыларға отбасылары туралы сұрақтар беріледі. Мысалы: Do you have brothers or sisters? How many people are in your family? Do you live with you grandparents? және т.б. Осы сұрақтарды оқушылар бір-біріне қояды және жауап береді. Содан соң, әр оқушы қасындағы басқа оқушы туралы айтып береді. Мысалы: Aydar has big family. He lives with his grandparents. He has got two little sisters and brothers. Осылай оқушылар бір-бірден айтып шығады. Топтың әр мүшесі міндетті түрде сөйлеуі қажет. Ол үшін топтарға ұпайлар беріледі. Барлық оқушы сөйлеп болғаннан кейін келесі тапсырмаға көшеміз. Ол үшін әр топқа плакаттар береміз. Тапсырма бойынша әр топ бақытты отбасы деген тақырыпқа сурет салуы қажет. Суретті олар бірігіп, топпен салады. Топпен жұмыс кезінде оқушылар бір-бірлерімен жақын араласады, бір-бірлеріне көмектесіп, білмеген сұрақтарын сұрайды. Бұл сыныпты бірлікке, татулыққа үйретеді. Болғаннан соң, әр топ өз суреттерін таныстырып суреттейді. Мұғалім олардың жұмысын бағалайды.

Сонан соң, Plickers бағдарламасын қолданып, оқушылардың жаңа тақырыпты қаншалықты түсінгенін тексереміз. Ол үшін, алдында көрсетілгендей жолмен осы тақырыпқа қатысты сұрақтар құрастырамыз. Мысалы, сөздік бойынша тест құрауға болады. Оқушылардың өткен сөздерді қаншалықты естеріне сақтағандығы тексеріледі.

Топтың әр мүшесіне QR коды бар қағаздар таратып береміз. Сосын оқушыларға тестілеудің тәртібін, қалай дұрыс бағдарламамен қолдану керектігін көрсетеміз. Тестілеуді бастаймыз. Оқушылар өздері дұрыс деп санаған жауапты көрсетеді.(1-сурет)



1-сурет

Жауап беріп болғаннан соң, әр оқушының қалай тестті тапсығанын статистика арқылы қарап, және сабаққа қатысқан белділігін ескере отырып, бағалаймыз. Ол үшін Reports функциясына кіріп, question history кіріп, кім қандай сұрақтан қате жібергенін қарауға болады. Ал scoresheet кіріп, кім қанша сұраққа жауап беріп, қанша қате жібергенін көруге болады және оқушылардың проценттік көрсеткіші шығады. (2-сурет)

Card #	Student Name	Total %	Translate Aға	Translate Ата	Translate Әне	Translate Әке	Translate Отбасы	Translate Аға	Translate Ә
		67%	50%	0%	50%	50%	100%	100%	100%
1	Zhannur	73%	B	B	B	B	A	B	B
2	Diyaz	60%	D	D	D	D	A	B	B

2-сурет

Сабақ барысында оқушылар өздерінің ағылшын тілінде сөйлеу қабілеттерін арттырды және жаңа сөздерді үйренеді. Білмеген сұрақтарын және жіберген қателіктері болған жағдайда қасындағы сыныптастары дұрыстайды. Топтық жұмыс барысында барлық оқушылар сабаққа белсене араласып, бір-бірлеріне көмектеседі. Ал, мұғалім бақылаушы және бағыттаушы рөлін атқарды, қушыларға тапсырмаларды беріп, бағалады.

Сонымен қатар, осы тәжірибеден Plickers бағдарламасын пайдалану жолын және ағылшын тілі сабағында осы бағдарламаны қалай қолдануға болатын көруге болады. Бағдарлама ағылшын тілінде болғандықтан, ағылшын тілі мұғалімдеріне бағдарламаны қолдану қиындық туғызбайды. Мұғалім тек қана сұрақтарды құрастырып, оқушыларға коды бар қағазды таратып беруді керек. Жобалауда Plickers бағдарламасын пайдаланып, қорытынды сұрақтар мен тестті тез әрі оңай алуға болады. Мұғалім аз уақыт ішінде оқушылардың білімін тексеріп, оларды бағалай алады.

#### *Қорытынды.*

Жобалау әдісі қазіргі кезде оқу процесіндегі болшағы бар бағыттардың бірі. Ол оқушыларды логикалық түрде ойлауға, керек материалдарды дұрыс таңдауға және оларды жүйелеуге үйретеді. Бұл әдіс алынған білімнің нәтижесін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл әдісте оқушы мен мұғалімнің рөлдері өзгереді. Мұғалім барлық материалдарды оқушыларға әкеліп, түсіндіріп айтып бермейді. Оқушылар өздері ізденіп зерттейді. Мұғалім оқушының түсінбеген сұрақтарына ғана жауап береді. Сондықтан мұғалім бұл жерде кеңесші ретінде, ал оқушы субъект болады.

Сабақты бірсарынды, бұрынғы әдістерді қолданып өткізген жағдайда, оқушыларға оқытылып жатқан сабақ қызықсыз болады. Себебі олар бір нәрсені оқып жалығады, және де сабақты оқуға деген ынтасы болмайды. Олай болмас үшін мұғалімдер сабақты оқыту барысында әр түрлі әдістер мен технологиялады қолданғаны дұрыс болады.

Plickers бағдарламасын қолданып, осылайша оқушылардың жаңа тақырыпты қалай түсінгенін тексеруге болады. Бұл бағдарлама оқушыларды өз бетімен жұмыс жасауға, тез әрі жылдам ойланып, сұрақ жауабын табуға үйретеді. Ал мұғалімдерге, сынып деңгейін аз уақыт ішінде тексеріп, оқушылардың тақырыпты қаншалықты түсінгенін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұғалім оқушыларды сабақ соңында әділ түрде бағалай алады.

Жобалау әдісі оқушылардың дербес, өз бетімен ізденуге және топпен жұмыс жасауға, жан жақты дамуға, сұрақты жан-жақты қарастырып, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін қалыптасытпайды. Ағылшын тілі сабағын жобалау әдісімен өткізу оқушының сөйлеу, тыңдау дағдыларын дамытады. Ал, мұғалім оқушыны бақылап, қателерін дұрыстайды.

Оқытудың бұл түрі қазіргі кезде мектептерде кеңінен қолданылып келе жатыр, және де бұл осы әдістің тиімді екенін көрсетеді. Жобалау әдісін мектеп бағдарламасында жиі қолдану, немесе басқа әдістермен бірге қолдану мектептегі білім деңгейін арттыруға өз септігін тигізеді. Сондықтан мұғалімдер сабақты қызықты, әрі танымды өткізу үшін, мектеп бағдарламаларында жобалау әдісін және жаңа технологияларды енгізгені дұрыс.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. У.Х. Килпатрик. Метод проектов. Применение целевой установки в педагогическом процессе, 1925, 52 б.
2. Скатова Е. В. Проектная деятельность в дошкольном образовании «Спутник +», 2014, 76-80б.
3. Stephen C. Looking for Theory in Preschool Education. Springer Science+Business Media B.V. 2012, 227 – 238б.
4. Карл Фрей. Проектный метод, Бельц, 1997, 45-46 б.
5. Бахтиярова Е.М. Метод проектов и индивидуальные программы в продуктивном обучении, Школьные технологии, 2001, №2. 22-26 б.
6. Полат Е.С. Типология телекоммуникационных проектов, «Наука и школа», 1997ж., 75-77б.

7. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – 2000, 35 б.
8. Капустин В.С. Выполнение проектов, Елабуга, 1995, 45 б.